

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DIBG5850>***Н. Ахтаева¹, З. Османова², А. Смаилова³**

¹Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-9047-1596>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9667-8219>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2040-4048>

*e-mail: nagibek78kz@gmail.com

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ІЛІМІ: ҒЫЛЫМИ ТАРТЫС ПЕН ҚАЗІРГІ БАЙЛАМ

Мақала лингвомәдениеттану пәнінің қалыптасу аясын екі ғасыр арнасындағы ғылыми көріністерімен тарқатады. Дәйексөзге тартылған неміс, ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі ғылыми тұжырымдар негізінде жеке ғылым саласының дамып, орнығып кетуіндегі өзгешеліктерді сипаттайды. Өз алдына жеке ғылым болып саналатын лингвистика мен мәдениет ілімінің әрі ұғымдық, әрі терминдік мәннен бірбүтін лингвокультурологиялық бірлікке айналуына аталған ғылыми пікірлердің тікелей әсері болғандығы жеткізіледі.

Жұмыс авторлары пікірініше, халық сөйлеуіндегі тіл бірліктері бойынан, демек лингвистикадан, этнос болмысын танытатын мәдениеттану бірліктері, демек этнолингвистикалық мәселелер орын алады. Мұның қазіргі гуманитарлық ғылымдар үшін берері мол болмақ. Тіпті, бұл екі ғылымның тоғысуынан тіл біліміндегі жаңа ғылым саласы – лингвомәдениеттану пәні орнығады. Жаңа ғылым саласының орнығуына XX және XXI ғасырдағы тілші-мәдениеттанушы ғалымдардың ой-пікірлері бағаланып отыруы қажет. Авторлар бұл бағытты тақырыптың ашылуындағы басты мақсат ретінде ұстанады.

Мақала барысында салыстыру, баяндау, сипаттама жасау, жүйелеу, талдау әдістері пайдаланылған. Жоғарыда аталған тілдер аспектісіндегі тұжырымдарды жеткізу салыстыру әдісінің қызметі арқылы іске асқан. Бұл пікірлерді қазіргі ғылыми ортаға жеткізу баяндау әдісін қажеттінсе, лингвистика мен мәдениет іліміне ортақ бірліктердің табиғатын таныту үшін сипаттама беріліп, оларды жүйелеудің жолдары көрсетілген. Ал талдау әдісін екі ғылымаралық бірліктердің берілуін тарқатудан көруге болады.

Кілтті сөздер: лингвомәдениеттану, этнолингвистика, мәдениет сабақтастығы, этнос болмысы, сөздік құрам, паремиологиялық қор.

Кіріспе

Лингвомәдениеттану – дербес ғылым саласы. Солай бола тұра, ғылыми ұстаным межесі тұрғысынан толық тұжырымдамалық сипатқа ене қойған жоқ. Екі ұдай түсінік тудыратын пікірлер әлі де кездеседі. Әсіресе тіл мен мәдениеттің өзара қиындасуының (А. Байтұрсынұлы) тілдегі көрінісі тақырыптың жекелеген мәселелеріне қайта қарауды қалайды. Тіл мен этнос мәселесі отандық тіл білімінде біршама зерттелді. Ғылыми-танымдық деңгейі де құр алақан емес. Зерттеуші-ғалымдар Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, А. Тұрышев, М. Манкеева, Е. Жанпейісов, А. Ислам, А. Сейілхан, М. Күштаева, А. Әмірбекова, Г. Смағұлова және тағы басқа ізденушілер тарапынан аталмыш тақырыпқа аса мән беріліп отырды. Мұндай зерттеу нәтижесі жеке ілімнің қалыптасуына әкелді. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижесінен әрбір тілдік бірліктің мәдени-этинкалық мағынасы терең әрі күрделі екені анықтауға болады.

Лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысынан туындаған бұл сала, этнолингвистика мен елтану ғылымдарымен өзара байланыс орнатары сөзсіз. Аталмыш ғылым ұлттық болмысты бейнелейтін әлеуметтік, танымдық, этикалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, рухани және тұрмыстық қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы зерттеуге бағытталған. Осыған сәйкес, лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – тілдегі ұлттық ерекшеліктерді анықтау, тілдік фактілер арқылы халықтың танымдық және этика-эстетикалық категорияларын сипаттау, сондай-ақ олардың мәдениеттегі рөлін айқындау болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Мақаланың негізгі материалы ретінде осы салаға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-танымдық зерттеулері алынды. В. Гумбольдт, А. Потебня, Ф. Соссюр, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, С. Жанпейісов көзқарастары дәйексөз ретінде де, тек ұғым дамыту мақсатында да тақырыпқа нысан болғаны анық. Осы ғылым саласының

зерттеу нысаны мен пәні жайындағы көзқарастар В. Н. Телия, В. А. Маслова, Ю. С. Степанов, Н. Д. Арутюнова, В. Шаклейн мен А. Сейілхан, А. Алдашева, Ж. Манкеева, А. Салқынбай, А. Ислам, А. Әмірбекова, А. Жұмашева сынды ғалымдардың еңбектерінде жинақталған. Аталған материалдар мен мақала барысында тиянақталған тұжырымдар лингвомәдениеттанудың қазақ тіл біліміндегі ғылыми сипатын жан-жақты ашуға әкелді. Және салыстыру, баяндау, сипаттама жасау, жүйелеу, талдау әдістерінің барынша басымдыққа ие екенін көрсетті.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі жаһандану дәуірінде халықтың мәдени қарым-қатынасы мен өзара ықпалдастығын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бұл тұрғыда екі немесе одан да көп халықтың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу маңызды рөл атақарады.

В. Воробьев былай дейді: «Лингвистикалық аумақтарды салғастыру халықтардың ұлттық ерекшеліктерін танытуды жеңілдетеді. Сонымен бірге ол ерекшеліктерді бағалауға негіз береді, лингвистикалық айырмашылық қатарының кеңеюіне және қалыптасып үлгерген айырмашылықтарды пайдалануға септігін тигізеді» [1, 35-6.].

Орыс тілінің фразеологиялық жүйесін ұлттық менталитет тұрғысынан зерттеген В. Телия мәдениет пен этностың ұлттық-танымдық ерекшеліктерін тек тұрақты тіркестер арқылы ғана емес, сонымен қатар халық мәдениетінің терминологиялық қоры, бейнелі этолондар жүйесі, символдық мағынасы бар сөздер, қанатты сөздер мен тұрақты орамдар арқылы да анықтауға болатынын атап өтеді. Бұл тұжырымда ғалым А. Хроленко да қолдайды [2, 25-6.]. Ал ағылшын тілді зерттеулерде саяси дискурстағы лингвистикалық және мәдени тип мәселесіне арнайы еңбек арналып, тереңдеп кеткен екен [3, 85-92].

Ғалым Ә. Қайдардың жіктеуі бойынша, этнолингвистика – кешенді сипаттағы ғылым және ол этностың болмысын зерттейтін түрлі ғылымдармен тығыз байланысты. Ол өз зерттеуінде сол ғылымдарды екі топқа бөлгені белгілі: **Этнос тіліне жалпы қатысы бар ғылымдар** және **Тілдің табиғатын зерттейтін ғылымдар** [4, 12-6.]. Алғашқысы мәдениеттану, этнография, фольклористика, мифология сынды тілден тыс этностың мәдени-тарихи болмысын зерттейтін салалар болса, екіншісі этимология, терминология, психоллингвистика сынды этностың тілі арқылы оның ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын бағыттарды қамтиды. Осы екі топтың байланысын этнолингвистикалық зерттеулердегі тілдік деректер көрсетеді.

Тіл тек қатынас құралы емес, ол – этностың танымдық, мәдени, тарихи болмысының айнасы. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен мәдениет сабақтастығы – лингвомәдениеттану аясында қарастырылады. Яғни, этностың мәдени

кодын, дүниетанымын тілдік бірліктер арқылы зерттеу – осы ғылымның негізгі міндеті екені сөзсіз.

Қазақ іліміндегі ұлттық тілді танудың негізі қаланғанын соңғы және соны ізденістерді Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Н. Уәли, А. Алдашева, А. Салқынбай және тағы басқаларының зерттеулерінен кездестіреміз. Ғалым Ж. Манкеева кез келген тілдегі ғаламның тілдік бейнесін екі жақты сипатта ұсынып, ғалам бейнесі мәселесін «адамның елестетуі мен санасындағы әлемді көру мен суреттеуге негізделетінін» айтса [5, 15-6.], А. Салқынбай тіл мен мәдениеттің арақатынасын күрделі мәселе ретінде танып, лингвомәдениеттану ғылымын әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық болмысты анықтайтын, ұлттық ділді аңғаруға ерекше мән беретін, әлем бейнесін таңбалаудағы ұлт тілінің ерекшелігін анықтайтын басты бағыт ретінде ұсына отырып, «Тіл барлық мәдениет атаулының негізі, тұғыры, сондықтан мәдениеттің дамуы мен қалыптасуы, өркениеттің болуы, өсуі тілге тікелей байланысты қарастырылуға тиісті... Бұл жердегі маңызды мәселе лингвомәдениеттану жалпы ұлт тіліндегі әлемнің таңбалық бейнесін анықтай алады. Ал ұлт тілінің құрамында жіктелетін әлеуметтік топтардың тілін зерттейтін әлеуметтік тіл білімінің аясында қарастырылатын тіл мен мәдениеттің байланысы бұдан гөрі шектеулі болуға тиіс» – дейді [6, 3-6.].

Тіл мен мәдениеттің байланысы туралы мәселе лингвистиканың әртүрлі бағыттарында кеңінен қарастырылып келгені мәлім. Мәселен, неміс ғалымы В. фон Гумбольдтің «Халықтың рухы мен болмысын танытатын барлық құбылыстардың ішінде тек оның тілі ғана ұлттық рух пен мінездің ең ерекше сипаттарын бейнелеп, олардың терең құпияларына үңіле алады» деген концепциясы тіл ұлттың рухани және мәдени болмысын танытатын негізгі фактор екенін көрсетеді [7, 69-б.].

Э. Сепир мен Б. Уорфтың лингвистикалық салыстырмалылық гиптоезасы В. фон Гумбольдтің тұжырымына сәйкес. Тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір халықтың әлемді қабылдау жүйесін қалыптастырудағы сипатын, әрбір этностың өз тілі арқылы дүниетанымын бейнелеу, ал тілдік құралдар арқылы мәдени құндылықтарды сақтау маңызын сипаттайды.

Тіл мен мәдениет өзара ажырамас бірлікте өмір сүретін күрделі әлеуметтік-рухани феномендер болып табылады. Тіл мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде оның қалыптасу және даму үдерістеріне ықпал етеді. Белгілі бір халықтың мәдениеті мен этникалық болмысы, олардың өзіндік ерекшеліктері мен дүниетанымдық концепциялары арқылы тілдік жүйеде көрініс табатынын ескерсек, мәдениет құрылымында тіл ерекше орын алушы құрал ретінде танылмақ. Себебі ол мәдени ақпаратты жинақтап, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі тетігі. Сонымен қатар, тіл кез келген

этностың әлеуметтік тәжірибесін кодтаушы және оны ұжымдық сананың бір бөлігі ретінде беруші қызметін атқарады. Э. Сепирдің көзқарасы бойынша, мәдениет – қоғамның қызметі мен ойлау жүйесінің көрінісі болса, тіл – осы ойлау жүйесінің формасы ретінде мәдениеттің бөлінбейтін құрамдас бөлігі [2, 11-б.]. Осылайша, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу олардың динамикасын, мәдени құндылықтарын, тілдік репрезентациясын және қоғамның когнитивтік құрылымындағы орнын кешенді түрде қарастыруға жетелейді. Дегенмен, тілге қарағанда мәдениет өзін-өзі ұйымдастыруға тікелей қабілетті емес, өйткені оның негізгі қызметі – жинақталған әлеуметтік және когнитивтік тәжірибені сақтау, ұжымдық жадты қалыптастыру және оны кейінгі ұрпаққа жеткізу. Осы тұрғыдан алғанда, мәдениет – когнитивтік және әлеуметтік құндылықтардың тасымалдаушысы, ал оның динамикасы тілдік жүйелер арқылы жүзеге асады.

Тұлғаның мәдени кеңістіктегі өзіндік ерекшеліктерін көрсету тілдік және мәдени диалогсыз мүмкін емес. Осыған байланысты «тіл – ұлт – мәдениет» үштігі қазіргі лингвомәдениеттанудың негізгі категориясы ретінде қарастырылады. Бұл үштік мәдени семантиканың қалыптасу механизмдерін, этномәдени ерекшеліктердің тілдегі репрезентациясын және ұлттық дүниетанымның құрылымын зерделеуде маңызды әдіснамалық негізді құрайды [2, 43-б.]. С. Г. Тер-Минасова тіл арқылы байланысқа түсетін мәдениетаралық тілдесімді жан-жақты аша келіп, тілді қоғамдық қару ретінде ұсынады. «Шындық – ойлау – тіл» үштігін былай тарқатады: «Сонымен, тіл мен шынайы өмір арасында адам тұр. Тек адам ғана сезім мүшелері арқылы әлемді танып біледі. Соның негізінде қоршаған орта туралы өз пайымдауын жасайды. Қабылдаған ақпараттарын өз санасынан өткізіп, зерделеп, оны тіл арқылы өз қауымының басқа мүшелеріне жеткізеді. Басқаша айтақанда, шындық пен тіл арасында ойлау тұр» [8, 48-б.].

Мәдениет терімсөзінің қыр-сыры көп екенін білеміз. Оның материалдық және рухани болмысын екшелеген жөн. Бұл екі құрамдас бөліктің арасындағы сабақтастық пен диалектикалық байланыс әдіснамалық тұрғыдан терең зерттеуді талап етеді. Бір жағынан материалдық мәдениет рухани мәдениеттің негізі ретінде қызмет атқарса, екінші жағынан, рухани мәдениет көбінесе материалдық құбылыстар арқылы жүзеге асады. Мәдениеттің осы екі аспектісі өзара баланысқан түрде дамиды. Ол белгілі бір этникалық немесе нәсілдік ерекшеліктермен сипатталатын халықтың рухы арқылы жүзеге асады. Ұлттық рух пен мәдениет, әрине, уақыт пен кеңістіктің шеңберінде қалыптасып, қоғамдағы әлеуметтік шарттарға қарамастан, мәдениеттегі дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етеді. Осы себепті мәдениет пен тіл ұғымдары арқылы ұлттың уақытша және кеңістіктік бейнесі сипатталады. Халықтың тарихы, қалыптасқан дәстүрлері, дүниетанымдық ерекшеліктері

мен мәдени келбеті біртұтас жүйе ретінде тіл арқылы көрініс табады. Тіл – бұл халықтың рухани және материалдық тарихи және мәдени болмысын айқындайтын басты көрсеткіші. Тіл мен мәдениет арасындағы терең өзара байланыс, ұлттың рухани және материалдық мәдениетінің көрінісін бейнелейтін айна ретінде қызмет атқарады. Бұл туралы зерттеуші Г. Исаева тұжырымы былай өрбиді: «Мәдениеттің қай-қайсысы болмасын тілден көрініс табатыны белгілі. Материалдық және рухани мәдениет те ұлттық мәнділікке жатады. Оның ұлттық сипаты әр халықтың ақиқат дүниені тілі арқылы өзіндік тануына байланысты болады. Адам мен ақиқат дүниенің аралығын жалғаушы көпір – тіл болып табылады. Демек, тіл адамның ғаламдық танымы арқылы қалыптасып, дами түседі» [9, 26-б.]. Олай болса, рухани мәдениет пен материалдық мәдениеттің байланысын жоққа шығара алмаймыз.

Тіл мен мәдениет адам айналасындағы шынайы өмір мен оның өмірінің шынайы шарттары ғана емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық санасы мен менталитеті, өмір сүру салты, дәстүр-салты, мораль, құндылықтар жүйесі, әлемді сезіну және түсінуді қамтиды [8, 19-б.]. Екі бірлік арасындағы байланысты дiттеген ғалым А. Жұмашеваның пікіріне жүгінсек, ол былай дейді: «... язык представляет собой основную форму выражения национальной культуры, реализованную «внутреннюю форму» культуры, культура же есть внеязыковое предметно-понятийное содержание окружающей действительности, освоение которой осуществляется под непосредственным влиянием языка. Язык определяет ход наших мыслительных процессов и их результаты, в соответствии с этим, от используемого людьми языка зависят процессы и результаты их мышления, следовательно, в культурах, различающихся по языку, формируются и разные представления о мире» [10, с. 34]. Автор тіл мен мәдениеттің ұлттық мәдениет негізіндегі көрінісін тілден іздейді. Тілді мәдениеттің «ішкі формасын» сыртқа шығарушы құрал ретінде, адамның дүниетанымын, ойлау процесін, мәдениетке тән ұғымдар мен түсініктерді танытатын құрал ретінде тануды ұсынады.

Тіл адамның ойлау жүйесіне тікелей әсер етеді. Сондықтан адамдардың қолданатын тілі олардың ойлау жүйесін, түсініктерін, сондай-ақ дүниені қабылдауын қалыптастырады. Бұл адамзаттың ойлау жүйесіне, дүниеге деген көзқарасына әсер етеді.

Лингвомәдениеттану – типті синтездеуші, мәдениет пен тілдің қызметіндегі өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін зерттейтін кешенді ғылыми пән [8, 23-б.]. Мәдениет пен тілдің өзара байланысын жүйелі түрде зерттеу – лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты болып табылады. Бұл сала тілде бейнеленетін және тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың жүйесін зерттейді. Осыған байланысты тіл мен мәдениеттің түрлі элементтерін шоғырландырып, жинақтайтын, синтездейтін арнайы терминдер мен

түсініктер пайда болған. Олардың ішінде лингвокультурема, лингвомәдени өріс және лингвомәдени компетенция сияқты ұғымдар ерекше орын алады. Бұл терминдер әрқайсысы өзіне тән мән-мағынаға ие және түрлі ғылыми жұмыстарда кеңінен қолданылады.

Лингвокультурема ұғымын алғаш ұсынған ғалым В. В. Воробьевтің пікірінше, бұл термин лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың дидактикалық бірлігі болып табылады. Бұл ұғымдардың мәні тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар түрлі мәдени және тілдік феномендерді зерттеуде маңызды рөл атқарады [1, 36-б.].

Қорытынды

Тіл мен мәдениет қатынасының теориялық негіздерін зерттеген ғалымдардың тұжырымы ұлттық дүниетаным концептісін толық түсінуге жетелейді. В. В. Воробьев тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын сипаттау мақсатында лингвокультурема ұғымын енгізсе, З. Темірғазина лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың ара-жігін ажыратып, этнолингвистика тарихи-мәдени аспектілерді, ал лингвомәдениеттану ұлттық дүниетанымның концептуалды негіздерін зерттейтінін анықтады.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы В. Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, А. Потебня сынды ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. В. Гумбольдт тіл мен ойлаудың біртұтастығын атап көрсетіп, әрбір тіл өзінше ерекше әлем бейнесін қалыптастыратынын тұжырымдаса, Э. Сепир тілдік құрылым мен мәдени нормалардың өзара әсерін зерттесе, оның шәкірті Б. Уорф тілдің когнитивтік функциясын, атап айтқанда, лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасын алға тартты. А. Потебня тілдің танымдық рөлін айқындап, оның ұлттық дүниетанымын қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетті.

Лингвистика мен мәдениет ілімінің байланысы – қазіргі гуманитарлық ғылымдардың маңызды зерттеу бағыттарының бірі. Бұл екі сала өзара тығыз қарым-қатынаста болып, бірін-бірі толықтырып, мәдениет пен тілдің ажырамас бірлікте дамитынын дәлелдейді. Тіл – мәдениеттің негізгі көрсеткіші, тасымалдаушысы және оны сақтаушы құрал. Салт-дәстүр, тарихи тәжірибе арқылы ұлттың құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа берілетінін ескерсек, тілді этностың өзіндік ерекшелігін анықтайтын фактор ретінде қарай аламыз.

Лингвистика мен мәдениет ілімінің өзара байланыс ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелгенімен, бұл салада белгілі бір деңгейде ғылыми тартыстар да бар. Бұл тартыстар, негізінен, тіл мен мәдениеттің бір-біріне ықпал ету дәрежесі, олардың өзара қатынасының сипаты және тілдің мәдениеттегі рөлі туралы түрлі теориялардан туындайды. Сонымен, Тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі ме, әлде дербес құбылыс па? Тілді мәдениеттің ажырамас

бөлігі ретінде зерттеген Э. Сепир, Б. Уорф, В. фон Гумбольд сынды ғалымдар тілді мәдениеттің негізі ғана емес, оны қалыптастырып, дамытуға тікелей әсер еткен факторлар ретінде таниды. Ф. де Соссюр тілді мәдениеттен белгілі бір дәрежеде тәуелсіз, өзіндік құрылымдық заңдылықтары бар құбылыс ретінде қараса, Сепир мен Уорф релятивизм теориясын ұсынады. Яғни, әр тілдің өзіндік құрылымы адамдардың ойлау жүйесіне әсер ететін, тіпті олардың дүниетанымын қалыптастыратынын алға тартады. Тіл тек мәдениетті бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастырушы құрал деген болжамын жасайды. Ал Ю. Степанова, В. Н. Телия, А. Вежбицкая сынды ғалымдар тіл мен мәдениеттің біртұтастығын қолдай отырып, мәдениеттің тіл арқылы берілуін зерттеп, «мәдени код» ұғымын енгізеді.

Қазіргі зерттеулер лингвистика мен мәдениет ілімінің ажырамас байланыста екенін мойындайды. Алайда олардың қарым-қатынасы динамикалық және күрделі құбылыс ретінде қарастырылады.

Тіл – мәдениеттің маңызды құралы және оны сақтап, жеткізудің негізгі тәсілі. Мәдениет тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, бірақ оны толықтай тілмен шектеуге болмайды. Тіл мәдениетті бейнелеумен қатар, оның дамуына ықпал етеді. Әр тілдің құрылымы мен ерекшеліктері сол тілді тасымалдаушы халықтың мәдени кодын анықтайды, бірақ мәдениеттің дамуы тек тілмен шектелмейді.

В. Телияның тұжырымдамасы тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу олардың динамикалық аспектілерін ескере отырып, синхрондық деңгейде талдауды көздейді. Бұл өзара ықпалдастықты зерттеу лингвистиканың мәдениеттанулық бағытын тереңдетіп, тілдік бірліктердің мәдени мазмұнын, олардың когнитивтік және коммуникативтік қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі лингвомәдениеттану (lingua-тіл, cultura-мәдениет, logos-ілім) әлі де терең зерттеуді қажет ететін, мәдениетаралық тілдесімнің негізі болатын ғылым ретінде қарастырылмақ. Сол арқылы әр халықтың мәдени болмысы екшеленіп, лингвистика мен мәдениет пәндерінің ортақ мүдделеріне бастау болатын халық мәдениетінің тілдегі көрінісі, ерекшелігі жаңаша көзқарастармен толықтырылып отырылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Воробьев, В. В.** Лингвокультурология [Текст]. – М. : Университет народов дружбы, 2008. – 336 с.

2 **Хроленко, А. Т.** Основы лингвокультурологии [Текст]. – М. : Флинта, 2006. – 184 с.

3 **Chekulai, I., Prokhorova, O., Zhukova, E., Kuchmistyy, V., Shustov, D.** Characteristics of linguocultural type in the English language Political Discourse [Text] // Journal «European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (EpSBS)». – 2021. – 85–92 p.

4 **Қайдар, Ә.** Қазақтар ана тілі әлемінде (Этнолингвистикалық сөздік) [Мәтін]. III том. – Алматы : Сардар, 2013. – 608-б.

5 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Мәтін]. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 356-б.

6 **Салқынбай, А. С.** Тіл. Таным. Білім [Мәтін]. – Алматы : Эверо, 2008. – 140-б.

7 **Гумбольдт, В.** Избранные труды по языкознанию [Текст]. – М. : Прогресс, 2000. – 397 с.

8 **Тер-Минасова, С. Г.** Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Мәтін]. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320-б.

9 **Исаева, Г. С.** Киіз үй атауларының этномәдени аспектісі [Мәтін] / Жауапты редакторы Қайдар Ә. Т. – Қарағанды : Экожан, 2013. – 145-б.

10 **Жумашева, А. Ш.** Лингвокультурология в условиях диалога культур и проблемы интерференции [Текст]. – Павлодар : ЭКО, 2010. – 289 с.

References

1 **Vorobev, V. V.** Lingvokul'turologia [Cultural linguistics] [Text]. – Moscow : Universitet narodov drujby, 2008. – 336 P.

2 **Хроленко, А. Т.** Osnovy lingvokul'turologii [Jcyjds Cultural Linguistics] [Text]. – Moscow : Flinta, 2006. – 184 p.

3 **Chekulai, I., Prokhorova, O., Zhukova, E., Kuchmistyy, V., Shustov, D.** Characteristics of linguocultural type in the English language Political Discourse [Text] // Journal «European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (EpSBS)». – 2021. – P. 85–92.

4 **Qaidar, A.** Qazaqtar ana tili aleminde (Etnolingvistikalıyq sozdik). [Kazakhs in the world of their native language (Ethnolinguistic dictionary)] 3-volume. [Text]. – Almaty : «Sardar» baspa uii, 2013. – 608 p.

5 **Mankeeva, Zh. A.** Qazaq tilindegi etnomadeni ataularдын танымдық негіздері [Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Zhibek zholy, 2008. – 356 p.

6 **Salqynbai, A. S.** Til. Tanyım. Bilim [Language. Knowledge. Education] [Text]. – Almaty : Evero, 2008. – 140 p.

7 **Gumboldt, V.** Izbrannye trudy po yazykoznaniyu [Selected works on linguistics] [Text]. – Moscow : Progress, 2000. – 397 p.

8 **Ter-Minasova, S. G.** Til zhane madenietarlyq kommunikazia [Language and intercultural communication] [Text]. – Almaty : Ulttyq audarma byurosy, 2018. – 320 p.

9 **Isaeva, G. S.** Kiiz yj ataularynyn etnomadeni aspektisi [Ethnocultural aspect of yurt names] [Text] / Editor-in-Chief Qajdar A. T. – Qaragandy : Ekozhan, 2013. – 145 p.

10 **Zhumasheva, A. Sh.** Lingvokulturologiya v usloviyax dialoga kultur i problemy interferencii [Linguistics in the conditions of a dialogue of cultures and problems of interference] [Text]. – Pavlodar : ЕКО, 2010. – 289 p.

10.02.24 ж. баспаға түсті.

03.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. Ахтаева¹, З. Османова², А. Смаилова³*

¹Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 10.02.24.

Поступило с исправлениями 03.10.24.

Принято в печать 26.05.25.

ЛИНГВОКУЛЬТУРАЛОГИЯ: НАУЧНАЯ ПОЛЕМИКА И СОВРЕМЕННЫЙ ВЫВОД

В статье рассматривается процесс формирования лингвокультурологии как самостоятельной научной дисциплины на основе научных тенденций последних двух веков. Анализируются ключевые различия в развитии данной области на примере научных концепций, представленных в немецкоязычной, англоязычной, русскоязычной и казахскоязычной научной литературе.

Особое внимание уделяется влиянию лингвистики и культурологии на формирование единой лингвокультурологической системы, а также значению этнолингвистических аспектов, проявляющихся в языковых единицах народной речи. Авторы подчеркивают, что

синтез этих наук способствует обогащению гуманитарного знания и формированию новой научной области – лингвокультурологии.

В статье также поднимается вопрос о роли учёных XX–XXI веков в становлении и развитии данной дисциплины. Рассматриваются основные направления современных исследований, а также их вклад в формирование терминологического аппарата лингвокультурологии. В перспективе это может способствовать более глубокому пониманию механизмов формирования национальной идентичности через язык.

Для раскрытия темы в работе использованы методы сравнительного анализа, описания, систематизации и интерпретации. Сопоставление научных концепций разных языков реализуется с помощью сравнительного метода. Систематизация и анализ позволяют выявить общие единицы, связывающие лингвистику и культурологию, а также отразить их взаимодействие в научной перспективе.

Ключевые слова: лингвокультурология, этнолингвистика, преемственность культуры, идентичность этноса, словарный состав, паремиологический фонд

*N. Akhtaeva¹, Z. Osmanova², A. Smailova³

¹Margulan University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²Abai University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Buketov University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Received 10.02.24.

Received in revised form 03.10.24.

Accepted for publication 26.05.25.

LINGUOCULTUROLOGY: SCIENTIFIC CONTROVERSY AND MODERN CONCLUSION

This article examines the formation of linguistic cultural studies (linguoculturology) as an independent scientific discipline based on academic trends over the past two centuries. The study analyzes key differences in the development of this field through the lens of scientific concepts presented in German, English, Russian, and Kazakh academic literature.

Special attention is given to the influence of linguistics and cultural studies on the creation of an integrated linguoculturological framework,

as well as to the role of ethnolinguistic aspects reflected in the linguistic units of everyday speech. The authors emphasize that the synthesis of these disciplines enriches the humanities and contributes to the establishment of linguoculturology as a distinct field of study.

The article also addresses the role of scholars from the 20th and 21st centuries in shaping and advancing this discipline. It explores major contemporary research directions and their contributions to the development of the terminological framework of linguoculturology. In the long term, this research may facilitate a deeper understanding of the mechanisms behind national identity formation through language.

To achieve these objectives, the study employs comparative analysis, descriptive, systematic, and interpretative methods. The comparison of scientific perspectives across different languages is conducted using the comparative method, while the descriptive approach is utilized to convey contemporary academic viewpoints. Systematization and analysis help identify common units linking linguistics and cultural studies, as well as reflect their interaction within the scientific paradigm.

Keywords: linguoculturology, ethnolinguistics, continuity of culture, identity of Ethnos, vocabulary, paremiological fund

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz